

# ТАҚЫРЫБЫ:

# КЕШІРІМДІЛІК-КӨҢІЛ КЕҢДІГІ







# МАҚСАТЫ:

**КЕШІРІМДІЛІКТІҢ АДАМ БОЙЫНДАҒЫ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТ ЕКЕНІН ТҮСІНДІРУ. АЙНАЛА ҚОРШАҒАН АДАМДАРҒА КЕШІРІММЕН, ТҮСІНІСУШІЛІКПЕН, ІЗГІЛІКПЕН ҚАРАУҒА ҮЙРЕТІ.**

**Міндеттері:**

1) **Білімділік- «кешірім», «кешірімділік» туралы түсіндіру**
2) **Дамытушылық- айнала қоршаған адамдарға кешіріммен қарауға дағдыландыру**
3) **Тәрбиелік-кешірімділікке тәрбиелеу**

## ШАТТЫҚ ШЕҢБЕРІ:

**Т.МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ «АДАМ» ӨЛЕНІҢ ХОРМЕН АЙТУ**

**АДАМ КҮЛІП ҚАРСЫ АЛАДЫ ТАҢ НҰРЫН,**
**АДАМ ЖЫРЛАП ЖӨНЕЛТЕДІ ӘР КҮНІҢ.**
**СӘЛ ҚАЙҒЫРСА, ОЛ ҰҒЫНА ТҮСЕДІ,**
**ДҮНИЕНІҢ КЕҢДІГІ МЕН ТАРЛЫҒЫН.**
**Қ-СЫ**
**АДАМ БОП ӨТЕЙІК,**
**АДАМ БОП ТУҒАН СОҢ.**
**МАҚСАТҚА ЖЕТЕЙІК, МАҚСАТТЫ ҚУҒАН СОҢ.**
**АДАМ КҮЛІП ҚАРСЫ АЛАДЫ ТАҢ НҰРЫН,**
**АДАМ ЖЫРЛАП ҰЗАРТАДЫ ӘР КҮНІҢ.**
**СӘЛ ҚУАНСА, ШЫҒАРАДЫ ОЛ ЕСТЕН,**
**ДҮНИЕНІҢ КЕҢДІГІ МЕН ТАРЛЫҒЫН.**








**ӘҢГІМЕЛЕСУ:**

**БЕРІЛГЕН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРУ**

**1. КЕШІРІМДІ БОЛУ ДЕГЕНДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕСІҢДЕР?**
**2.ӨКПЕЛЕП, РЕНЖІГЕНДЕ ӨЗДЕРІҢДІ ҚАЛАЙ СЕЗІНЕСІҢДЕР?**
**3.СОЛ СӘТТЕ ӨЗДЕРІҢЕ НАЗАР АУДАРЫП КӨРДІҢДЕР МЕ?**
**4.СЕНІ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ ӨКПЕЛЕТІП, РЕНЖІТЕДІ?**
**5.БАСҚАЛАРҒА ДЕГЕН ӨКПЕ-НАЗЫҢНЫҢ СЕБЕБІНЕ ҮҢІЛІП КӨРДІҢ БЕ?**





# ОҚУ АҚПАРАТЫ:

**РАСЫНДАҒЫ ЖАҒЫМДЫ ҚАРЫМ-**
**АСҚА ӨКПЕ, РЕНІШ НҰҚСАН**
**КЕЛТІРІП, ӨЗАРА ТҮСІНБЕУШІЛІК**
**ТУҒЫЗАДЫ. СОЛ СЕБЕПТІ ӨКПЕ, РЕНІШКЕ**
**БОЙ АЛДЫРМАЙ, АДАМДАРҒА**
**ТҮСІНІСТІКПЕН, ІЗГІЛІКПЕН, ҚҰРМЕТПЕН**
**ҚАРАУҒА ҰМТЫЛУ КЕРЕК.**
**ӨКПЕ, РЕНІШ-АДАМНЫҢ КӨҢІЛ КҮЙІНЕ,**
**ДЕНСАУЛЫҒЫНА КЕРІ ӘСЕР ЕТЕДІ.**
**АЙНАЛАҢА ЫЛҒИ ӨКПЕЛЕП, РЕНІШПЕН**
**ҚАРАУ, РИЗА БОЛМАУ ТҮРЛІ АУРУЛАРҒА**
**ШАЛДЫҚТЫРАДЫ.**





# ДӘЙЕКСӨЗ:

**“СҮЙЕГІ ЖОҚ БАЛЫҚ БОЛМАЙТЫНЫ СИЯҚТЫ, КЕМШІЛІГІ ЖОҚ АДАМ ДА БОЛМАЙДЫ”**







# ТАПСЫРМА №1

- Берілген өлең жолдарын оқып, ондағы ой тұжырымдарды
- Көзқарас-Себеп-Мысал-Қорытындылау әдісін пайдаланып, өз пікірлеріңді айтыңдар.
- Ә.Рудаки

Өмір маған ақыл айтты-сол ізгі,
Қарап тұрсаң, өмір-ақыл теңізі.
Өмір айтты: бақытты деп өзгелер, Күйінбесең, саған рақат кез келер.
Қанағат көр басындағы бағынды,
Аңсар көө жұрт сенің сол бір шағынды.
Өмір айтты:
Тоқтата біл ашуды,
Опа таппас бұл дүниеде ашынған.
Сөйлеген жан бұғау салмай тіліне,
Бұғаулатар екі аяғын түбінде.

М.Мұқатев

Өкінбе, өкпелеме бүгініңе,
Өмір,өмір
Болмайды түңілуге.
Мәңгі сені жазбаған сүрінуге,
Қайта тұрып, қақың бар жүгіруге

# КӨЗҚАРАС
# СЕБЕБІ
# МЫСАЛ
# ЖАЛПЫЛАУ



# Жүректен жүрекке

- Мен жайдары, ақ көңіл және белсендімін
- Менің қолымнан барлығы келеді
- Мен айналама тек жақсылық тілеймін
- Мен бақыттымын

